e.zan
Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде
Редакциялау күні 11.12.2020
Сақтау күні 29.03.2024
Дата редакции 11.12.2020
Дата скачивания 29.03.2024

Жамбыл облысының мәслихаты

Жамбыл облыстық мәслихатының 2019 жылғы 26 қыркүйектегі № 38-12 шешімі. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 1 қазанда № 4342 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облыстық мәслихатының 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 52-8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Маслихат Жамбылской области

«Жамбыл облысы Талас ауданы аумағында иттер мен мысықтарды асырау және серуендету, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою Қағидаларын бекіту туралы» Жамбыл облыстық маслихатының 2015 жылғы 14 желтоқсандағы № 43-15 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облыстық мәслихатының 11.12.2020 № 52-8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Күші жойылған

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі кодексіне және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-2 тармағына сәйкес Жамбыл облыстық маслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. «Жамбыл облысы Талас ауданы аумағында иттер мен мысықтарды асырау және серуендету, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою Қағидаларын бекіту туралы» Жамбыл облыстық мәслихатының 2015 жылғы 14 желтоқсандағы № 43-15 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №2915 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілердің Эталондық бақылау банкінде 2016 жылдың 10 ақпанында жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код
ҚР НҚА ЭББ-гі нақты құжатқа сілтеу QR-коды

көрсетілген шешіммен бекітілген Жамбыл облысы Талас ауданы аумағында иттер мен мысықтарды асырау және серуендету, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою Қағидаларында:

5 тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«5. Жол берілмейді:

1) иттерді және мысықтарды көп пәтерлі тұрғын үйлердің ортақ пайдаланылатын орындарында (кіреберістерде, баспалдақтарда, баспалдақ алаңдарында, лифтілерде, жертөлелерде, шатыр астыларында, үйлердің төбелерінде), сондай-ақ осындай үйлердің жанындағы аумақтарда асырауға;

2) иттер мен мысықтарды олардың терісін және етін тұтыну, өңдеу және өткізу үшін пайдалану мақсатында өсіруге;

3) Талас ауданы аумағында иттерді таластыру және басқада жануарларға қатысты қатыгез іс-шаралар ұйымдастыру мен өткізуге (жануарларға зақым келтірмейтін және күзетші иттерді өсіру үшін дұрыс тұқымдық сұрыптау жүргізуге мүмкіндік беретін, арнайы ережелермен иттердің жұмыс сапаларын тексеруді қоспағанда)».

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Жамбыл облыстық маслихаттың агроөнеркәсіпті дамыту, экология және табиғатты пайдалану мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихаттың сессия төрайымы **Г. Тлеубердиева**

Облыстық мәслихаттың хатшысы **Б. Қарашолақов**

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы Ауыл
шаруашылығы министрлігі
Ветеринариялық бақылау және
қадағалау комитетінің Жамбыл
облыстық аумақтық инспекциясының
басшысы
_____ Ж.М.Коекеев

Құқықтық жойылған

Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде

Редакциялау күні 11.12.2020
Сақтау күні 29.03.2024
Дата редакции 11.12.2020
Дата скачивания 29.03.2024

« ___ » _____ 2019 жыл

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Жамбыл облысының полиция департаментінің басшысы
_____ А.М.Оразалиев
« ___ » _____ 2019 жыл

Күші жойылған